

# КІТАПХАНА - мәңгілік парасаттың киелі ғимараты

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Ақпарат білім беру орталығы - Оңтүстік Қазақстан облысындағы ең ірі кітапханалардың бірі.

Бүгінде Ақпараттың білім беру орталығы облысымыз-



дың жоғары оқу орындары мен колледждерінің әдістемесін және координациялық орталығы, облыстық "қарым-қатынас" әдіскерлер клубының мүшесі. Өзекті мәселелер бойынша тұрақты семинарлар өткізіліп тұрады.

Ақпараттық білім беру орталығы университетіміздің маңызді бөлімі. Өйткені университеттің кітапханасы студенттерге білім алуға, оқытушыларға білім беруге майтайлман көмекші.

Ақпарат білім беру орталығы өзінің күнделікті өмірінде оқырмандарға жан-жақты мағаналы қызмет көрсетіп қана қоймай, оларға сан-алуан ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп отырады.

Қазіргі таңда АБО қорында бір миллионнан астам оқулық және оқу құралдары бар.

Әр жыл сайын 30-35 мыңға жуық жаңа оқулықтармен толықтырылып отырады.

Сирек кітаптар және жаратылыстану, гуманитарлық, механикалық, өнер әдебиеттері өте бағалы болып саналады.

АБО-да оқырмандарға абонементтер мен оқу зал бөлімдері қызмет көрсетеді:

Құрылымында 12 оқу залы, 8 абонемент бар, әрбір оқу ғимараттарында орналасқан.

Университет ректоры У.К. Бишімбаев кітапханаға көп көңіл бөлу негізінде АБО жаңа бағытқа бейімделіп өз жұмысын арттыра түсті.

Биылғы жылы бас ғимараттың, жатақханалардан 5-оқу залдары ашылды. Олар ғылыми оқу залы, әлем

тілдері оқу залы, экономика, және құқық негіздері оқу залы.

Ғылыми оқу залы өзінің қорын-оқу әдістемелері, ғылыми-ізденіс жұмыстары, авторефераттар, монографиялар, диссертациялар мен толық қамтамасыз етілген. Оқу залының барлық қызметі оқу үрдісін, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу қызметін әдебиетпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Кітапхананың барлық жұмыс орындары қазіргі заман талабына сай жолды технологиялық құралдармен жабдықталған. Электронды есептеуіш жүйесі енгізіліп, "Кітапхана 4.02" бағдарламасымен жұмыс істейді.

Кітапхана үрдістерін автоматтандыру АБО қызметінің негізгі бағыты болып табылады. Осы орайда заман талабына сай жаңа оқу залы ашылды.

Бұл бөлім құрылымдық жағынан жас бөлім болғанымен болашағы зор.

Электронды оқу залында Интернет және электрон-



ды байланыс арқылы оқырмандарға қызмет көрсетіледі.

Электронды тасымалдағыштар жолынан ақпараттық қор құрылуда, CD-ROM, дискет, электронды оқулықтар және әлемнің алдыңғы қатарлы ғалымдарының еңбектерінің бейне таспалары бар.

АБО да алдыңғы қатарлы мамандар қызмет көрсетеді. АБО-ның барлық қызметі оқу үрдісін, ғылыми - зерттеу қызметін әдебиетпен қамтамасыз етуге бағытталған.

АБО-ның мақсаты оқырмандарға барынша көп білім алуға мүмкіндік беру.

*Қазбекова Гүлжан Асқанбайқызы,  
Методикалық бөлімінің меңгерушісі.*